



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 кантардагы
№ А – 1/3 каулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім
бөлімі Құдықағаш ауылынын Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта
бойынша білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім болімі Құдықағаш ауылынын Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан ары – мемлекеттік мекеме) үйімдастырушылық-құқықтық нысандагы, білім беру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға мәртебесінсін, коммерциялық емес үйім болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеме түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент шен Укіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.
4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).
5. «Ақмола облысы облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім болімі Құдықағаш ауылынын Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020706, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Құдықағаш ауылы, С. Шерипов көшесі, 20 құрылыш.

2. Мемлекеттік мекеменің запық мәртебесі.

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері мен мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларды кослаганда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны кура алмайды, сондай-ақ оның күрүлтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекемесі өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткілікіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы ишмесс әкімшілік-аумактық бірлік тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауапкершілікке не болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Каржы министрлігінің аумактық қазынаптылық болімшелерінде міндетті тіркеуден откінен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру багдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатка кол жеткізу үшін мынаңай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) күзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға багытталған үлгілік оку багдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген гылымның базалық негіздерін менгеруді камтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулу, мемлекеттік рәміздері мен казақ тілін күрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияга карсы және қоғамга карсы кез келген көріністерге тезбеушілікті тәрбиелу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне катысу қажеттігін, жеке адаминың өз күкіктары мен міндеттеріне саналы қозқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, казак халкының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-тұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, ариайы жагдай жасау;

- 8) білім алушылардың көсіби уәждемесін қамтамасыз сту;
- 9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер корсету.

14. Мемлекеттік мекеменің жанында мектепке дейінгі «Карлығаш» шағын орталығы жұмыс істейді, ол келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі жастағы балалардың өмірін және деңсаулығын корғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жагдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепнанды даярлықты қамтамасыз сту;
- 4) баланын толықканды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен озара іс-кимыл жасау;
- 5) ата-аналарға балаларды тәрбислеу, оқыту, дамыту және деңсаулығын корғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеме оку процесін «Қазақстан Республикасындагы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадагы № 500 бүйрығына, «Жалпы білім беру үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы З сәуірдегі № 115 бүйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме оку процесін жүзеге асыратын үлгілік, оның ішінде қыскартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес тандауды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оку бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оку ісіндегі он талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудын, жазудын, есептеудің, коммуникативтік дәғдилардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дәғдиларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және көсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оку және тәрбие процесі үлгілік оку бағдарламаларына және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оку жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инварианттық және

вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мұсқымслерінде, спорт гимараттарында, оскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, енеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС-ның, санитариялық қағидаларының, денсаулық сактау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде озірленген үлгілік оку жоспарлары білім беру үйімінеке бекіткен ережелермен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балаар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздагы № 611 бүйрығына сәйкес үйімдастырылады.

25. Баставаушы, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың итеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуін үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздагы № 125 бүйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме ұлттық білім беру деректер базасында деректер озектілігін және білім саласындағы құзіретті органда ақпараттар жүйелердің автоматтандарылған аппаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау баставаушы, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбисленушілерді мектепке дейінгі үйімдарга қабылдау «Мемлекеттік корсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Занының 10-бабы 1-тартмагына сәйкес мемлекеттік қызметтер корсету тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік күкүктық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

28. Баставаушы, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден баска мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын күжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекемеде білім беру және тәрбиелеу мемлекеттік тілінде жүргізіледі.

30. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытуудың залырылы сипаттына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 кантардагы № 26 бүйрығымен бекітілген талантарға сәйкес болуы тиіс.

31. Оку процесі ағымдагы жылдың 1 күркүйегінен келесі жылдың

25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

32. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

33. Сынынтардың толымдылығы 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Шектеу іс-шараларын орындау барысында, мемлекеттік органдардың төтеше жагдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумақта төтеше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сынныпта 15 білім алушыларға дейін сынып – жинақталымдарын қалыптастыра алады.

34. Мектепке дейінгі тәрбис мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оку жүктемесінің ен көп көлемі Қазакстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздығы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазакстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалышға міндетті стандарттарымен белгіленеді.

35. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару нысандары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдел жөніндегі кеңес) құрылады.

36. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шыгару құқыққа қары әрекеттер жасаганы үшін, білім беру үйімдің жартысын орекшел және бірнеше рет бұзғапы үшін уәкілетті органдардың шешімі бойынша ерекше жагдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларды шыгару туралы шешім қамқоршы және қорғаныш органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметтінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметтінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анаы немесе озге де занды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертуіз бір айдан астам уақыт аралығында келмесген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның аныктамасы негізінде оның болуына келдірітін медициналық қары айқындардың болған жағдайда.

37. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды тандауға;

3) білім беру үйімдарында мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы дайындалған оқулыктарды, оку – әдістемелік кеңендерді және оку – әдістемелік күралларды, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануды

камтамасыз етуге;

- 4) спорт, оқу, салтанат залдарын, компьютерлік сыйынтар мен кітапхананы тегін пайдалануға;
- 5) озінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;
- 6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 7) окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадактауга.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талантарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дагдыларды және құзыреттерді меңгеру, ішкі тәртіп қагидаларында, білім беру ұйымының жаргысында көзделген талантарды сактауға;
- 2) өз деңсаулығын күттеге, рухани және дене бітімін жетілдіруге үмтүлуга;
- 3) білім беру саласындағы үәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына койылатын талантарды сактауга;
- 4) өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

38. Көмелетке толмаган балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

- 1) баланың қалаудын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын тандауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру ұйымдарынан оз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда оз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық комек алуға;
- 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- 1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік түргыдан қалыптасуын камтамасыз етуге;
- 2) білім беру ұйымының жаргысында айқындаған қагидаларды орындауға;
- 3) балалардың оқу орнындағы сабактарға қатысуын камтамасыз етуге;
- 4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 5) білім беру саласындағы үәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына койылатын талантарды орындауға;
- 6) білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сактауға міндетті.

39. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Көсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалышына міндетті стандартының талаптарын сактау шартымен көсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауга;
- 2) лауазымды және басқа да адамдар таралынан зансыз карым-катаңастан және келергіден қорғануга;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері таралынан кәсібінс құрметпен қарауга;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін кажетті үйымдастырушылық және материалдық-техникалық қураллармен қамтамасыз етілуге;
- 5) гылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалышына міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шыгармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық багдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиселсүдін жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру багдарламасына сәйкес оку қуралдарын, оку материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің озге де қуралдарын таңдауга;
- 8) білім беру багдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметтінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ окулықтарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку қуралдарын әзірлеуге қатысуга;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйымының қызметтіне қатысты маселелерді талқылауга қатысуга;
- 11) білім беру үйымын басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуга;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке жедагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауга;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес әскери қызметке шакыруды кейінге калдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда көсіптік дагдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) үйым басшысының өзіне қатысты кабылдаған актілерінс, әрекеттеріне

және шешімдерінде жогары түрған лауазымды адамдарга немесе сотқа шағымдануга;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарашынан ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де күкүктарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сактауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шыгармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір ретте кишикпей арттыруға (растастауға);

4) педагогтік адепті сактауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық каран-тексерулерден отуге;

6) білім алушылардын, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінін ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтеуге;

7) балаларды занға, адамиң және азаматтың күкүктарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге күрмет корсету, жоғары имандылық, патриоттық, коршаган ортага үқыпты карау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шыгармашылық кабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін калыптастыруға;

9) білім беру үйімінің басшылығына өмірлік қын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйімінің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмагандардың жасау немесе оларға катысты жасалу, оның ішінде білім беру үйімінан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу маселесері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үтітсеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды кабылдауға не опоршын бас тартуга мәжбүрлеу үшін, алеуметтік, наслідлік, ұлттық немесе діни азуызындықты қоздыру, алеуметтік, наслідлік, ұлттық, діни немесе тілдік тиисілік белгісі, дінге кезкарасы бойынша азаматтардың срекшелігін, астамшылығын не анықшылдігін насхаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан

Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау аркылы үтіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келетін әрекестерге итермелсө үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұксан келтіретін теріс қылыш жасаганы үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

40. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занының 63 бабына сәйкес қызмет корсетуге құқылы.

Мұлікті жалдауга (жалаға алуға) беруден алғынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

41. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін корсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оптикалық қызметтің мәні мен мақсатына сайн емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауга құқығы жоқ.

43. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оптикалық жарғызынан құзыретін бұза отырып жасаган мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органдың, жергілікті аткарушы органдың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

44. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

45. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мұлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім кабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметтің нотижесінде олар сатып алған мұлікті алғын коюды немесе қайта белуді жүзеге асырады;

46. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәргішсен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекемес мүлкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының күрылымын, күрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер кабылдау тәртібін аныктайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының күккістарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымына босату негіздерін айқындауды;
- 5) мемлекеттік мекеменің күрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алтың коюға немесе қайта болуте келісімін береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды көспаганда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды көспаганда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қагидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сайкес дербес шешеді.

50. Мемлекеттік мекеменің басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық смес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табышы, тәріштік жәнс материалдық жауапкершілікке әкеледі.

51. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүздесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оку оргалықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың озге де түрлерінсө байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барык қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шыгарады және

нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастын қызметкерлерден баска, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстар босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелсу және жазалау шараларын қолданады;

10) ез орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен оқілеттіктер аясын айқынлайды;

11) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Ақылды түрде білім беру қызмет корсетудің тізбесі мен тәртібі.

52. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құны, оның тенгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) ез қызметі барысында сатып алған мүліктен (акшалай кірістерді коса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

53. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға иемсессе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге болінген құқығы жок.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс жәнеттің қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, корсетілеттің қызметтерді) өткізуден түсстін ақшаны қоспағанда, қаржы қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша коржынандыру козі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттің коржынандырылады.

56. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік үсынады.

57. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметтің тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің көзінде белгіленеді және Қазақстан Республикасы сіңбек заннамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен оқілдіктері туралы мәліметтер

61. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен оқілдіктері жоқ.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

62. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

63. Мемлекеттік занды тұлға, заннамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

64. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғанинан кейін қалған таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

65. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған жаржетты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырғанин кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жеткізилады.

Басшы

Дарханов Аманат Насарбекович А
Т.А.О.

қолы